

Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) конкурстық негізде орналасатын басшы лауазымдарының тізбесін және Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) жоғары тұрған басшы лауазымдарына конкурс өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 868 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 23 қазанда № 17586 болып тіркелді. Күші жойылды -Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 6 қаңтардағы № 9 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 06.01.2022 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) конкурстық негізде орналасатын басшы лауазымдарының тізбесі;

2) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) жоғары тұрған басшы лауазымдарына конкурс өткізу қағидалары мен шарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 868 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) конкурстық негізде орналасатын басшы лауазымдарының тізбесі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органында (экономикалық тергеу қызметі) конкурстық негізде орналасатын:

бөлім басшысы.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 868 бұйрығына
2-қосымша

Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) жоғары тұрған басшы лауазымдарына конкурс өткізу қағидалары мен шарттары

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) жоғары тұрған басшы лауазымдарына конкурс өткізу қағидалары мен шарттары (бұдан әрі - Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 33-бабы 1-1-тармағына сәйкес әзірленді және экономикалық тергеу қызметінің (бұдан әрі - ЭТҚ) жоғары тұрған басшы лауазымдарына конкурс өткізу тәртібі мен шартын айқындайды.

2. Конкурсты бос және уақытша бос лауазымы бар (бұдан әрі - бос лауазым) облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік

кірістер органдары конкурстық негізде орналасатын ЭТҚ басшы лауазымдарының тізбесіне сәйкес өткізеді.

3. Конкурс мынадай түрлерден тұрады:

1. ішкі конкурс - ЭТҚ қызметкерлері арасындағы конкурс (бұдан әрі - ішкі конкурс);

2. сыртқы конкурс – барлық құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасындағы конкурс (бұдан әрі - сыртқы конкурс).

4. Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған ішкі конкурсқа кандидаттар болмаған кезде сыртқы конкурс өткізіледі. Исключено

5. Жоғары тұрған басшы лауазымдарына конкурсқа жіберу үшін:

Заның 29-бабының 3-тармағымен қарастырылған кандидаттың қойылған біліктілік талаптарға сәйкестігі, іскерлік және жеке қасиеттері; қызметте сіңірген нәтижесі.

6. Мемлекеттік кірістер органдары қайта ұйымдастырылған не таратылған жағдайда ол жөнінде конкурс жариялаған мемлекеттік кірістер органдарының интернет-ресурсында міндетті түрде жариялай отырып, жарияланған конкурс оны өткізудің кез келген кезеңінде бұзуға жатады.

2-тарау. Конкурстық комиссияны құру

7. Мемлекеттік кірістер органдары конкурсты жариялау және өткізу үшін жоғары тұрған басшы лауазымына кандидаттарды іріктеуді жүзеге асыру үшін конкурстық комиссия (бұдан әрі - конкурстық комиссия) құрылады, оның Төрағасы мен құрамын тиісті лауазымға тағайындауға құқығы бар мемлекеттік кірістер органдарының басшысы бекітеді.

8. Конкурстық комиссия кемінде 5 (бес) мүшеден, оның ішінде төрағадан құралады. Бұл ретте конкурстық комиссияның құрамына ішкі қауіпсіздік қызметінің, кадр қызметінің және бос лауазымға конкурс өткізілетін құрылымдық бөлімшенің өкілдері кіреді.

9. Кадр қызметінің өкілі конкурстық комиссияның хатшысы болып табылады, ол оның жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатыспайды.

10. Конкурстық комиссияның шешімі жоғары тұрған басшы лауазымына орналасуға не тиісті лауазымға тағайындаудан бас тартуға негіз болып табылады.

3-тарау. Ішкі конкурсты өткізу тәртібі мен шарттары

11. Ішкі конкурсты өткізу туралы хабарландыру мемлекеттік кірістер органының интернет-ресурстарында жарияланады.

12. Ішкі конкурсқа қатысу үшін өтініш мемлекеттік кірістер органының интернет-ресурстарында хабарландыру жарияланған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадр қызметіне беріледі.

Өтінішке кандидаттың жеке басын куәландыратын куәлігінің көшірмесі қоса беріледі.

Сканерленген құжаттар көшірмесі кадр қызметінің электрондық поштасына немесе қолма-қол жіберіледі. Құжаттарды қолма-қол табыс ету мүмкін болмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірілмей беріледі.

13. Құжаттар топтамасы толық емес, сондай-ақ осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген мерзімді бұза отырып ұсынған жағдайда, кандидат конкурсқа қатысуға жібермейді.

14. Кандидаттарды әшкерелейтін материалдар туралы ақпарат алу үшін кадр қызметі құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде кандидаттардың тізімдерін жасайды және тексеру үшін мемлекеттік кірістер органының ішкі қауіпсіздік қызметіне жібереді.

15. Мемлекеттік кірістер органының ішкі қауіпсіздік қызметі кандидаттар тізімін алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде тиісті ақпаратты кадр қызметіне жібереді.

16. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде ішкі қауіпсіздік қызметінен ақпарат алғаннан кейін кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

17. Әңгімелесу кестесі және әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі конкурстық комиссия әңгімелесуге кандидаттарды жіберу туралы шешім қабылдағаннан кейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей мемлекеттік кірістер органының интернет-ресурстарында орналастырылады.

4-тарау. Сыртқы конкурсты өткізу тәртібі мен шарттары

18. Сыртқы конкурсты өткізу туралы хабарландыру мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады.

19. Сыртқы конкурсқа қатысу үшін өтініш мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсында хабарландыру жарияланған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадр қызметіне беріледі.

Өтінішке осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кадрлар есебі жөніндегі жеке іс-парағы мен кандидаттың жеке басын куәландыратын куәлігінің көшірмесі қоса беріледі.

Сканерленген құжаттар көшірмесі кадр қызметінің электрондық поштасына немесе қолма-қол жіберіледі. Құжаттарды қолма-қол табыс ету мүмкін болмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірілмей беріледі.

20. Құжаттар топтамасы толық емес, сондай-ақ осы Қағидалардың 19-тармағында көзделген мерзімді бұза отырып ұсынған жағдайда, кандидат конкурсқа қатысуға жібермейді.

21. Кандидаттарды әшкерелейтін материалдар туралы ақпарат алу үшін кадр қызметі құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде кандидаттардың тізімдерін жасайды және тексеру үшін мемлекеттік кірістер органының ішкі қауіпсіздік қызметіне (басқа құқық қорғау органдарына) жібереді.

22. Мемлекеттік кірістер органының ішкі қауіпсіздік қызметі қызметіне (басқа құқық қорғау органдары) кандидаттар тізімін алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде тиісті ақпаратты кадр қызметіне жібереді.

23. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде ішкі қауіпсіздік қызметінен ақпарат алғаннан кейін кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

24. Әңгімелесу кестесі және әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі конкурстық комиссия әңгімелесуге кандидаттарды жіберу туралы шешім қабылдағаннан кейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурстарында орналастырылады.

5-тарау. Әңгімелесу өткізу тәртібі

25. Кандидаттармен әңгімелесуді әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі ресми жарияланған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, мемлекеттік кірістер органының конкурстық комиссиясы өткізеді.

26. Әңгімелесудің мақсаты кандидаттардың кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

27. Конкурстық комиссия бір және сол лауазымға үміткер кандидаттарға тең үлесте қойылатын, әр жарияланған жоғары тұрған басшылық лауазымға арналған сұрақтар тізімін қалыптастырады.

28. Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, мемлекеттік кірістер органының интернет-ресурстарында орналастырылған кестеге сәйкес мемлекеттік кірістер органында немесе бейне конференциябайланысы арқылы өтеді.

29. Кандидаттармен әңгімелесу хаттама түрінде ресімделеді және техникалық жазба құралдарының (аудио (және) немесе бейне) көмегімен тіркеледі.

30. Кандидаттармен әңгімелесу хаттамасына конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

Комиссияның техникалық жазба құралдарын қолдану туралы белгі комиссия отырысының хаттамасында жүргізіледі.

31. Техникалық жазба құралдарының көмегімен әңгімелесу барысында тіркелген материалдар конкурс аяқталған сәттен бастап кемінде 3 (үш) ай аумақтық мемлекеттік кірістер органының кадр қызметінде сақталады.

32. Кандидат, егер оған конкурстық комиссияның құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берсе, оң баға алады.

Дауыстар берген кезде дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

33. Конкурстық комиссия әңгімелесу өткізудің қорытындысы бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) жарияланған жоғары тұрған басшы лауазымына тағайындауды ұсыну;
- 2) жарияланған жоғары тұрған басшы лауазымына тағайындаудан бас тарту.

34. Жарияланған жоғары тұрған лауазымдарға тағайындауға ұсынылған кандидаттардың тізімі әңгімелесу өткізілген күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органының интернет-ресурсында орналастырылады.

35. Мемлекеттік кірістер органының басшысы жоғары тұрған басшы лауазымына әңгімелесу өткізген күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурстық комиссия ұсынған кандидатты тағайындау туралы шешім қабылдайды.

6-тарау. Қорытынды ережелер

36. Конкурстық комиссияның шешімін жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе сотқа шағымдануға болады.

Мемлекеттік кірістер
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелерінің (экономикалық
тергеу қызметі) жоғары тұрған
басшы лауазымдарына конкурс
өткізу қағидалары мен
шарттарына
1-қосымша
нысан

мемлекеттік кірістер органының
атауы

Өтініш

Мені _____ жоғары
тұрған басшы лауазымы конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) жоғары тұрған басшы лауазымдарына конкурс өткізу қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның түпнұсқалығына және Кадр есебі жөніндегі жеке іс-парағында көрсетілген мәліметтердің дұрыстығына жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

1) _____

2) _____

Қолы, Тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)

20____ жылғы " ____ " _____

Мемлекеттік кірістер
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелерінің (экономикалық
тергеу қызметі) жоғары тұрған
басшы лауазымдарына конкурс
өткізу қағидалары мен
шарттарына
2-қосымша
нысан

Фотосуретке арналған орын
(3x4) Место для фотокарточки

Кадр есебі жөніндегі жеке ІС ПАРАҒЫ ЛИЧНЫЙ ЛИСТОК по учету кадров

1. Тегі _____

Фамилия

аты _____

имя

әкесінің аты(бар болған жағдайда) _____

отчество (при его наличии)

2. _____

тегіңізді, атыңызды, әкеңіздің атын (бар болған жағдайда) өзгерткен болсаңыз
, қашан,

қайда және қандай себеппен өзгерткеніңізді көрсетіңіз если изменяли
фамилию, имя

или отчество (при его наличии), то укажите их, а также когда, где и по какой причине

изменяли

3. Жынысы _____

Пол

4. Туған күні, айы және жылы _____

Год, число и месяц рождения

5. Туған жері _____

Место рождения (село, ауыл, қала, аудан, облыс, өлке, республика)
(село, деревня, город, район, область, край, республика)

6. Ұлты _____

Национальность

7. Азаматтық _____

Гражданство

8. Білімі _____

Образование

Оқу орнының атауы және оның тұрған жері Название учебного заведения и его местонахождение	Түскен жылы Год поступления	Бітірген немесе шыққан жылы Год окончания или ухода	Бітірмесе, қай курстан кетті Если не окончил, то с какого курса ушел	Қандай мамандық бойынша білім алды По какой специальности обучался	Оқу орнын бітірген соң, кім болып шықты, диплом немесе куәлік нөмірін көрсету керек Какую квалификацию получил в результате окончания учебного заведения, указать № диплома или удостоверения

9. Қандай шетел тілдерін білесіз _____

Какими иностранными языками владеете (оқи аласыз ба, әлде сөздікпен аудар аласыз

ба, (читаете и переводите со словарем, читаете и можете

әлде түсінісе аласыз ба, еркін сөйлейсіз бе) объясняются, владеете свободно)
10. Ғылыми дәрежеңіз, ғылыми атағыңыз _____

Ученая степень, ученое звание (қашан берілген, дипломдарыңыздың нөмірі)
(когда присвоены, номера дипломов)

11. Қандай ғылыми еңбектеріңіз бен жетістіктеріңіз бар _____

Какие имеете научные труды и изобретения

12. Еңбек жолыңыз (жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқыған жылдарыңыз,
әскери қызмет, қоса атқарған жұмысыңыз, кәсіпкерлік қызметіңіз және т.б. түгел
жазылады)

Бұл тармақты толтырғанда мекемелер мен кәсіпорындар кезінде қалай аталса,
сол

қалпында берілсін, әскери қызметтің лауазымы мен әскери бөлімі қоса
көрсетілсін

Трудовая деятельность (включая учебу в высших и средних специальных
учебных

заведениях, военную службу, работу по совместительству,
предпринимательскую
деятельность и т.п.)

При заполнении данного пункта учреждения организации и предприятия
необходимо

именовать так, как они назывались в свое время, военную службу записывать
с

указанием должности и номера воинской части

Айы және жылы	Қызметі, мекеме, ұйым, кәсіпорын, сондай-ақ министрлік (ведомство) қоса көрсетілсін	Мекеме, ұйым, кәсіпорынның тұрған жері
---------------	--	--

Месяц и год	Должность с указанием учреждения, организации, предприятия, а также министерства (ведомства)	Местонахождение учреждения, организации, предприятия
келген вступления	кеткен ухода	

13. Жақын туыстарыңыз (әкеңіз, шешеніз, бауырларыңыз, апа-қарындастарыңыз және

балаларыңыз), сондай-ақ жұбайыңыз (зайыбыңыз): Ваши близкие родственники (отец,

мать, братья, сестры и дети), а также муж (жена):

Туысқандық деңгейі Степень родства	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Фамилия, имя, отчество(при его наличии)	Туған жері, датасы Дата, место рождения	Жұмыс орны, қызметі Место работы, должность	Тұрғылықты мекен-жайы Адрес местожительства
---------------------------------------	--	--	--	---

Егер туысқандарыңыз фамилиясын, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда)

өзгерткен болса, олардың бұрынғы тегін, атын, әкесінің атын қоса көрсетіңіз
Если родственники изменяли фамилию, имя, отчество, то необходимо указать их

прежние фамилию, имя, отчество (при его наличии)

14. Қандай мемлекеттік және өзге марапаттарыңыз бар _____

Какие имеете государственные и другие награды (қашан, немен марапатталдыңыз)

(когда и чем награждены) _____

15. Әскери қызметке қатысыңыз және әскери атағыңыз _____

Отношение к воинской обязанности и воинское звание

Құрамы

Әскер түрі _____

Состав (командалық, саяси, әкімшілік, техникалық және т.б.) Род войск (командный,

политический, административный, технический и т.д.)

16. Мекен-жайыңыз бен телефоныңыз _____

Домашний адрес и телефон

" _____ " _____ 20 _____ года

Өзінің қолы _____

(толтырылған мезгілі) _____

Личная подпись _____

(дата заполнения) _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК